

Бәйдібек ауданының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Түркістан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2025 жылғы 24 маусымдағы № 31 /184 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 8 бабының 1) тармақшасына сәйкес, Бәйдібек аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бәйдібек ауданының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бәйдібек аудандық мәслихат төрағасы

И.Түймебаев

Бәйдібек аудандық
мәслихатының

2025 жылғы 24 маусымдағы
№31/184 шешіміне қосымша

Бәйдібек ауданының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған жоспары

Осы Бәйдібек ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі-Жоспар) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 28 сәуір 2017 жылы № 15090 тіркелген), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 15 мамыр 2015 жылы №11064 тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданады.

Жоспар мазмұны:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары;

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы;

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы;

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы;

6) ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы;

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтуға тиіс.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін-жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Бәйдібек ауданының барлық жер көлемі 721853 гектарды құрайды. Барлық ауыл шаруашылығы алқаптарының жиынтығы 556171 гектар, оның ішінде егістік жерлер 90874 гектар, суармалы егістік 14626 гектар, көп жылдық ағашты өсімдіктер 206 гектар, шабындық жерлер 22117 гектар, жайылымдық жерлер 365057 гектар.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылық мақсаттары бойынша пайдаланатын жерлері 556171 гектар;

елді мекендердің жерлері 73 847 гектар;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылық емес басқа мақсаттарда пайдаланатын жерлер 4705 гектар:

ерекше қорғаудағы табиғи аумақтардың жерлері 36485 гектар;

орман қорының жерлері 24726 гектар;

су қорының жерлері 1165 гектар.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Бәйдібек ауданында 11 ауылдық округтер (Ағыбет, Алмалы, Алғабас, Ақбастау, Боралдай, Борлысай, Бөген, Мыңбұлақ, Көктерек, Жамбыл, Шаян), 52 ауылдық елді-мекендер орналасқан.

Ауыл шаруашылығы:

Ауданның ауыл шаруашылығы алқаптарының жиынтығы 556171 гектар, оның ішінде егістік жерлер 90874 гектар, суармалы егістік 14626 гектар, көпжылдық екпелер 206 гектар, шабындық жерлер 22117 гектар, жайылымдық жерлер 365057 гектар.

Бәйдібек ауданы бойынша ірі қара мал –65689 қой-ешкі – 610917, жылқы – 26070, түйе- 281, құс – 115088 басқа жетті.

Бәйдібек ауданының ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны мен табиғи жайылымдарды қажет ететін мал басының ауылдық округтер мен кенттері кесіндісі бойынша мәліметі:

№	Ауылдық округтері	Түйе	Жылқы	Оның ішінде	Табиғи жайылымды қажет ететіні
				Қолда ұсталатыны	
1	2	3	4	5	6
1	Алмалы		1668	1668	
2	Алғабас	36	2720	2720	
3	Ақбастау		3029	3029	
4	Ағыбет		1468	1468	
5	Боралдай		4343	4343	
6	Борлысай		1687	1687	
7	Бөген	88	3619	3619	
8	Көктерек		1788	1788	
9	Мыңбұлақ	112	2321	2321	
10	Жамбыл	45	2737	2737	
11	Шаян		690	690	
	Барлығы:	281	26070	26070	
Ірі қара мал		Оның ішінде		Табиғи жайылымды	
				мды	
Уақ мал		Оның ішінде		Табиғи жайылымды	
				мды	

	Қолда ұсталатыны	қажет ететіні		Қолда ұсталатыны	қажет ететіні
4184	4184		21103	21103	
5613	5613		58109	58109	
7270	7270		63396	63396	
2777	2777		21818	21818	
12908	12908		75895	75895	
4262	4262		20558	20558	
10217	10217		92421	92421	
4844	4844		58943	58943	
4469	4469		83350	83350	
6277	6277		98867	98867	
2868	2868		24457	24457	
65689	65689		610917	610917	

Төрт-түлік малды жайылымдық жерлермен қамтылу деңгейі.

№	Ауыл округтері мен кенттері	Ауылдық округтері мен кенттерінің жалпы жайылымның жер көлемі, гектар	Мал басы мен қажетті жайылымдық жер көлемі, гектар			
			Түйе-жылқы	Гектар нормасы	Қажетті жайылым, гектар	Ірі қара мал
1	2	3	4	5	6	7
1	Алмалы		1668	9		4184
2	Алғабас		2756	9		5613
3	Ақбастау		3029	9		7270
4	Ағыбет		1468	9		2777
5	Боралдай		4343	9		12908
6	Борлысай		1687	9		4262
7	Бөген		3708	9		10217
8	Көктерек		1788	9		4844
9	Мыңбұлақ		2433	9		4469
10	Жамбыл		2781	9		6277
11	Шаян		690	9		2868
	Барлығы			9		65689
Гектар нормасы	Қажетті жайылым, гектар	Уақ мал	Гектар нормасы	Қажетті жайылым, гектар	Жалпы қажет жайылым жер көлемі, гектар	Аудандағы жалпы жайылым мен қажетті жайылымның айырмасы (+/-)
8	9	10	11	12	13	14
8		21103	2		217404	+23711
8		58109	2		97022	+174594

8		63396	2		25920	-23621
8		21818	2		85502	+176176
8		75895	2		129334	+237821
8		20558	2		69940	+516276
8		92421	2		66208	+318288
8		58943	2		21235	+348656
8		83350	2		67903	+143808
8		98867	2		116593	+263544
8		24457	2		38053	-15380
		610917	2		257761	+137029

Жұртшылық шаруашылық малдарына қызмет көрсететін ветеринариялық-санитариялық объектілер: ветеринариялық станциялар – 1, ұсақ мал тоғыту орындары -29, жасанды қашырым пунктері-36, биотермиялық шұңқырлар -48.

Ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәлімет:

№	Ауылдық округтері мен кенттері	Ветеринариялық станциялар	Мал тоғыту орындары	Жасанды қашырым пунктері	Биотермиялық шұңқырлар
1	Алмалы		2	2	4
2	Алғабас		3	3	3
3	Ақбастау		3	3	4
4	Ағыбет	1	3	4	4
5	Боралдай		5	7	11
6	Борлысай		1	2	4
7	Бөген		3	4	4
8	Көктерек		2	3	3
9	Мыңбұлақ		3	3	5
10	Жамбыл		4	4	5
11	Шаян		0	1	1
	Барлығы:	1	29	36	48

Жайылым жерлердің құрғақ массасының орташа түсімділігі 5,3 центнер/гектарына, азықтық бірлігі 3,1 центнер/гектарына.

Табиғи жем-шөп алқаптарындағы жайылымдардың түсімділігі (центнер/гектарына) мен азықтық бірлігіне баға беру төмендегі көрсеткіштермен жүргізілді.

Жайылымды маусымдық пайдалану ұсынысы	Азықтық бірлік бойынша жайылым сапасының өнімділігі (центнер/гектарына)				
	жақсы	ортадан жоғары	орта	ортадан төмен	жаман
1	2	3	4	5	6
Көктемгі-жаздық, күздік және жаздық	11,0 жоғары	7,0-11,0	4,0-6,9	2,0-3,9	2,0 төмен
Көктемдік	7,5 жоғары	5,5-7,5	3,0-5,4	1,5-2,9	1,5 төмен

Күздік	3,0-4,0	2,0-2,9	1,0-1,9	-	1,0 төмен
Көктемдік-күздік	Екі маусым бойынша бағаланады,көктемдік-күздік				

Жем-шөп қорының құнарлығы төмендегі көрсеткіштер бойынша бағаланады:

Жайылымды маусымдық пайдалану ұсынысы	Жем-шөптің құнарлығы (100 килограмм құрғақ шөптегі азықтық бірліктің көлемі)		
	жақсы	орта	жаман
1	2	3	4
Көктемдік	72-ден жоғары	55-72	55-ден төмен
Көктемгі-жаздық,күздік және жаздық	60-тан жоғары	49-60	49-дан төмен
Күздік	50-ден жоғары	40-50	40-тан төмен

1. Ағыбет ауыл округі.

Ағыбет ауыл округінің жалпы жер көлемі 52 798 гектарды құрайды. Осы жер учаскелерінің ішінде барлығы 41 833 гектар ауыл шаруашылығы мақсатына арналған (оның ішінде егістік 13 252 гектар, одан суармалы егістік 77 гектар, бау 20 гектар, жайылым 27 343,7 гектар, шабындық 973 гектар елді мекен жері 530,4 гектар. Ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жер учаскелері 17 мемлекеттік емес заңды тұлғаға, 57 шаруа қожалыққа, 10 өндірістік кооперативке тиесілі.

Ағыбет ауыл округі Ағыбет, Алғабас, Жұлдыз, Жаңаталап елді мекендерінен құралған және бүгінгі таңда ауыл округінде жалпы 2239 мың халық қоныстанған. Ауыл округінің орталығы Ағыбет елді мекені.

Тау аймағына кіретін Ағыбет ауыл округінің жылдық ылғал мөлшері 350-400 мм, 10 градустен жоғары кезеңде ылғылдың түсуі 80 мм-ден аспайды.

Бұл аймақтың рельефі тау беткейлері мен бөлшектенген өзен жазықтары және белестер мен су айрықтарымен өзгешеленеді. Жер жағдайына байланысты асыл тұқымды қазақтың ақбас, ангус, қарала (сауынды сиыр) сиырларын өсіруге қолайлы.

Таудың сұр-қоңыр топырағанда Қаратау жусаны, нарғия т.б. шөптесіндер мен бұта аралас долана, тобылғы, жабайы алма, өрік: өзен бойларында тал, терек, жиде, қамыс өседі.

Ауыл округінде бүгінгі таңда 3026 бас ірі қара мал, 27 144 бас уақ мал, 1742 бас жылқы және аталған малдарға барлығы 2 мал тоғыту орны, 4 қолдан ұрықтандыру пункті салынған. Сонымен қатар ауыл округінде барлығы 18 пайдаланудағы мал қора бар.

Елді мекен бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер

К/с	Елді мекен	Түйе	Жылқы	Ірі қара мал	Уақ мал
1	Ағыбет	-	572	1035	7653
2	Алғабас	-	470	779	7034
3	Жаңаталап	-	325	634	6575

4	Жұлдыз	-	375	578	5882
	Барлығы:		1742	3026	27144

Ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәлімет

К/с	Ауыл округі	Мал дәрігерлік пунктері	Мал тоғыту орындары	Қашырым пунктері	Биотермиялық шұңқырлар
1	Ағыбет	1	1	1	1
2	Алғабас	-	1	1	1
3	Жаңаталап	-	-	1	1
4	Жұлдыз	-	-	1	1
	Барлығы:	1	2	4	4


Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі. Сонымен қатар жайылымның кезеңінің ұзақтығы;

К/с	Ауыл округі	Таулы аймаққа малдардың айдап шығарылу мерзімі	Таулы аймаққа шығарылған малдардың қайтарылу мерзімі	Ескерту
1	Ағыбет	Сәуір-Мамыр	Қыркүйек-Қазан	


Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылдың 14 сәуірдегі №3-3/332 "Жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің, шекті рұхсат етілетін нормасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының мал басына шаққандағы жайылымның қажеттілігі туралы кестесі

К/с	Ауыл округі	А у ы л округінің жалпы мал жайылымы (га)	Жалпы мал саны			Қажетті жайылым жер (га)
			Жылқы	Ірі қара	Уақ мал	
1	Ағыбет	12133,7	572	1035	7653	14004,6
2	Алғабас	4117,7	470	779	7034	12187,8
3	Жаңаталап	3751	325	634	6575	10767
4	Жұлдыз	7341,3	375	578	5882	8741
	Барлығы:	27 343,7	1742	3026	27 144	45700,4

Бәйдібек ауданының Ағыбет ауылдық округі бойынша құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Бәйдібек ауданының Ағыбет ауылдық округі бойынша жайылым айналымдарының қолайлы схемалары және жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы



Шартты белгілер:

I – елді мекен жерлері

II – сәуір-тамыз айларында мал жайылатын жайылымдар

III – тамыз-қыркүйек айларында мал жайылатын жайылымдар

ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың

маусымдық маршрут белгісі

2. Ақбастау ауыл округі.

Ақбастау ауыл округінің жалпы жер көлемі 46 431 гектарды құрайды. Осы жер учаскелерінің ішінде барлығы 34 356 гектар ауыл шаруашылығы мақсатына арналған (оның ішінде егістік 10707 гектар, одан суармалы егістік 1596 гектар, бау 127 гектар, жайылым 18311 гектар, шабындық 3615 гектар елді мекен жері 8408 гектар. Ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жер учаскелері 25 мемлекеттік емес заңды тұлғаға, 102 шаруа қожалыққа, 12 өндірістік кооперативке тиесілі.

Ақбастау ауыл округі Ақбастау, Жолғабас, Кеңес, Тұрақты елді мекендерінен құралған және бүгінгі таңда ауыл округінде жалпы 4344 халық қоныстанған. Ауыл округінің орталығы Ақбастау елді мекені.

Тау алды аймағына кіретін Ақбастау ауыл округінің жылдық ылғал мөлшері 250-300 мм, 10 градустен жоғары кезеңде ылғылдың түсуі 70 мм-ден аспайды.

Бұл аймақтың рельефі белестер мен жоталар және су айрықтарымен өзгешеленеді. Бұл аймақ асыл тұқымды қазақтың ақбас және ангус сиырларын өсіруге қолайлы.

Халықтың малына қажетті жайылымдық жем-шөбі көп таралған өсімдік түрлерінен алынады. Атап айтқанда жусанды-дәнді, күрделі гүлді, бұршақты, айқышгүлді, шатырлы шөптер. Басым бөлігі мысыққұйрық, жіңішке жапырақты қара гүлдіқияқтар, ұзын қылтанақты арпа, қаратау сасыры, түйнекті өрем, алау жамылғы.

Жануарлар дүниесінен жазығында коян, саршұнақ: құстардан кекілік, бөдене, көкек т.б. мекендейді.

Ауыл округінде бүгінгі таңда барлығы 70 059 мал (7154 бас ірі қара мал, 59982 бас уақ мал, 2923 бас жылқы) және аталған малдарға барлығы 3 мал тоғыту орны, 3 қолдан ұрықтандыру пункті салынған. Сонымен қатар ауыл округінде барлығы пайдаланудағы 20 мал қора бар. Осы көрсетілген малдардың ішінде барлығы 3655 бас (245 жылқы, 210 ірі қара, 3200 уақ мал) мал бір орында, қоралық жағдайда ұсталынып, бордақыланатын малдар есебінде. Яғни барлығы 3655 бас мал жайылымды қажет етпейді.

Елді мекен бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер:

К/с	Елді мекен	Жылқы	Ірі қара мал	Уақ мал
1	Ақбастау	1436	4930	33034
2	Жолғабас	312	587	6019
3	Кеңес	612	913	11610
4	Тұрақты	563	724	9319
	Барлығы:	2923	7154	59982

Ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәлімет

К/с	Ауыл округі	Мал дәрігерлік пунктері	Мал тоғыту орындары	Қашырым пунктері	Биотермиялық шұңқырлар
1	Ақбастау	1	1		1
2	Жолғабас	-	1	1	1
3	Кеңес	-	1	1	1
4	Тұрақты	-		1	1
	Барлығы:	1	3	3	4

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі. Сонымен қатар жайылымның кезеңінің ұзақтығы;

--	--	--	--	--

К/с	Ауыл округі	Таулы аймаққа малдардың айдап шығарылу мерзімі	Таулы аймаққа шығарылған малдардың қайтарылу мерзімі	Ескерту
1	Ақбастау	Сәуір-Мамыр	Тамыз-Қыркүйек	


Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылдың 14 сәуірдегі №3-3/332 "Жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің, шекті рұхсат етілетін нормасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының мал басына шаққандағы жайылымның қажеттілігі туралы кестесі

К/с	Ауыл округі	А у ы л округінің жалпы мал жайылымы (га)	Жалпы мал саны			Қажетті жайылым жер (га)
			Жылқы	Ірі қара	Уақ мал	
1	Ақбастау	10355,7	1436	4930	33034	130 019
2	Жолғабас	1727,86	312	587	6019	21964,5
3	Кеңес	2696	612	913	11610	40 924
4	Тұрақты	3531,44	563	724	9319	33 432,5
	Барлығы:	18311	2923	7154	59982	226 340

Бәйдібек ауданының Ақбастау ауылдық округі бойынша құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Бәйдібек ауданының Ақбастау ауылдық округі бойынша жайылым айналымдарының қолайлы схемалары және жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген карта



Шартты белгілер:


I-елді мекен жерлері

II-сәуір-тамыз айларында мал жайылатын жайылымдар

III-тамыз-қыркүйек айларында мал жайылатын жайылымдар
жайылымдық инфрақұрылым объектілері

(өзендер)

Бәйдібек ауданының Ақбастау ауылдық округі бойынша жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:

су көздері (өзендер)

су көздеріне қол жеткізу схемасы

Бәйдібек ауданының Ақбастау ауылдық округі бойынша жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын

орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы және ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы



Шартты белгілер:

елді мекен маңында


орналасқан жайылымдар

жайылымы жоқ тұлғаларға

малын жаю үшін берілетін

шалғайдағы жайылым

Бәйдібек ауданының Ақбастау ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі



Шартты белгілер:

I – елді мекен жерлері

II – сәуір-тамыз айларында мал жайылатын жайылымдар

III – тамыз-қыркүйек айларында мал жайылатын жайылымдар
ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың

маусымдық маршрут белгісі

3. Алғабас ауыл округі.

Алғабас ауыл округінің жалпы жер көлемі 84846 гектарды құрайды. Осы жер учаскелерінің ішінде барлығы 71335 гектар ауыл шаруашылығы мақсатына арналған (оның ішінде егістік 18844,30 гектар, одан суармалы егістік 2426,80 гектар, бау 24 гектар, жайылым 52245 гектар, шабындық 997 гектар елді мекен жері 478,30 гектар. Ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жер учаскелері 18 мемлекеттік емес заңды тұлғаға, 213 шаруа қожалыққа, 5 өндірістік кооперативке тиесілі.

Алғабас ауыл округі Шақпақ, Қазата, Таңатар, Үсіктас елді мекендерінен құралған және бүгінгі таңда ауыл округінде жалпы 4368 мың халық қоныстанған. Ауыл округінің орталығы Шақпақ елді мекені.

Тау аймағына кіретін Алғабас ауыл округінің жылдық ылғал мөлшері 350-400 мм, 10 градустен жоғары кезеңде ылғалдың түсуі 80 мм-ден аспайды.

Бұл аймақтың рельефі тау беткейлері мен бөлшектенген өзен жазықтары және белестер мен су айрықтарымен өзгешеленеді. Жер жағдайына байланысты асыл тұқымды қазақтың ақбас, ангус, қарала (сауынды сиыр) сиырларын өсіруге қолайлы.

Таудың сұр-қоңыр топырағанда Қаратау жусаны, нарғия т.б. шөптесіндер мен бұта аралас долана, тобылғы, жабайы алма, өрік: өзен бойларында тал, терек, жиде, қамыс өседі.

Ауыл округінде бүгінгі таңда 5585 бас ірі қара мал, 62546 бас уақ мал, 3180 бас жылқы, 36 бас түйе және аталған малдарға барлығы 3 мал тоғыту орны, 3 қолдан ұрықтандыру пункті салынған. Сонымен қатар ауыл округінде барлығы 33 пайдаланудағы мал қора бар. Осы көрсетілген малдардың ішінде барлығы 1476 бас (149 ірі қара, 114 жылқы, 1213 уақ мал) мал бір орында, қоралық жағдайда ұсталынып, бордақыланатын малдар есебінде. Яғни барлығы 1476 бас мал жайылымды қажет етпейді.

Елді мекен бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер

Қ/с	Елді мекен	Түйе	Жылқы	Ірі қара мал	Уақ мал
1	Шақпақ		781	2926	36689
2	Қазата		799	1473	9852
3	Таңатар	36	277	957	9937
4	Үсіктас		160	93	150
	Барлығы:	36	3180	5585	32449

Ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәлімет

Қ/с	Ауыл округі	Мал дәрігерлік пунктері	Мал тоғыту орындары	Қашырым пунктері	Биотермиялық шұңқырлар
1	Шақпақ	-	1	1	1
2	Қазата	-	1	1	1
3	Таңатар	1	1	1	1

4	Үсіктас	-	-	-	1
	Барлығы:	1	3	3	4


Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі. Сонымен қатар жайылымның кезеңінің ұзақтығы;

К/с	Ауыл округі	Таулы аймаққа малдардың айдап шығарылу мерзімі	Таулы аймаққа шығарылған малдардың қайтарылу мерзімі	Ескерту
1	Алғабас	Сәуір-Мамыр	Қазан-Қараша	


Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылдың 14 сәуірдегі №3-3/332 "Жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің, шекті рұхсат етілетін нормасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының мал басына шаққандағы жайылымның қажеттілігі туралы кестесі

К/с	Ауыл округі	А у ы л округінің жалпы мал жайылымы (га)	Жалпы мал саны				Қажетті жайылым жер (га)
			Түйе	Жылқы	Ірі қара	Уақ мал	
1	Шақпақ	35651,64		781	2926	36689	55147,8
2	Қазата	9908,49		799	1473	9852	18639,4
3	Таңатар	9604,18	36	277	957	9937	15714,4
4	Үсіктас	663,9		160	93	150	3 798,5
	Барлығы:	52245	36	2017	5449	53628	93300,1

Бәйдібек ауданының Алғабас ауылдық округі бойынша құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Бәйдібек ауданының Алғабас ауылдық округі бойынша жайылым айналымдарының қолайлы схемалары және жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы



Шартты белгілер:

I-елді мекен жерлері


II-сәуір-тамыз айларында мал жайылатын жайылымдар

III-тамыз-қыркүйек айларында мал жайылатын жайылымдар

жайылымдық инфрақұрылым объектілері

(өзендер)

Бәйдібек ауданының Алғабас ауылдық округі бойынша жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:

су көздері (өзендер)

су көздеріне қол жеткізу схемасы

Бәйдібек ауданының Алғабас ауылдық округі бойынша жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға


ауыстыру схемасы және ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы



Шартты белгілер:
елді мекен маңында
орналасқан жайылымдар

жайылымы жоқ тұлғаларға
малын жаю үшін берілетін
шалғайдағы жайылым

Бәйдібек ауданының Алғабас ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы
жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін
жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі



Шартты белгілер:

I – елді мекен жерлері

II – сәуір-тамыз айларында мал жайылатын жайылымдар

III – тамыз-қыркүйек айларында мал жайылатын жайылымдар

ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың
маусымдық маршрут белгісі

4. Боралдай ауыл округі.

Боралдай ауыл округінің жалпы жер көлемі 144 893 гектарды құрайды. Осы жер учаскелерінің ішінде барлығы 41833 гектар ауыл шаруашылығы мақсатына арналған (оның ішінде егістік 24517 гектар, одан суармалы егістік 1144 гектар, бау 81 гектар, жайылым 41938 гектар, шабындық 2503 гектар елді мекен жері 8591 гектар. Ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жер учаскелері 32 мемлекеттік емес заңды тұлғаға, 495 шаруа қожалыққа, 20 өндірістік кооперативке тиесілі.

Боралдай ауыл округі Боралдай, Жоғарғы Боралдай, О.Тайманов, Ақжар, Қаратас, Теректі, Жыланды, Түйетас, Аманмай, Сарыбұлақ, Талап елді мекендерінен құралған және бүгінгі таңда ауыл округінде жалпы 11312 мың халық қоныстанған. Ауыл округінің орталығы Боралдай елді мекені.

Тау алды аймағына кіретін Боралдай ауыл округінің жылдық ылғал мөлшері 250-300 мм, 10 градустен жоғары кезеңде ылғылдың түсуі 70 мм-ден аспайды.

Бұл аймақтың рельефі белестер мен жоталар және су айрықтарымен өзгешеленеді. Бұл аймақ асыл тұқымды қазақтың ақбас және ангус сиырларын өсіруге қолайлы.

Халықтың малына қажетті жайылымдық жем-шөбі көп таралған өсімдік түрлерінен алынады. Атап айтқанда жусанды-дәнді, күрделі гүлді, бұршақты, айқышгүлді, шатырлы шөптер. Басым бөлігі мысыққұйрық, жіңішке жапырақты қара гүлдікияктар, ұзын қылтанақты арпа, қаратау сасыры, түйнекті өрем, алау жамылғы.

Ауыл округінде бүгінгі таңда 9711 бас ірі қара мал, 71914 бас уақ мал, 5097 бас жылқы және аталған малдарға барлығы 5 мал тоғыту орны, 7 қолдан ұрықтандыру пункті салынған. Сонымен қатар ауыл округінде барлығы 51 пайдаланудағы мал қора бар. Осы көрсетілген малдардың ішінде барлығы 1945 бас (335 ірі қара, 565 жылқы, 1045 уақ мал) мал бір орында, қоралық жағдайда ұсталынып, бордақыланатын малдар есебінде. Яғни барлығы 1945 бас мал жайылымды қажет етпейді.

Елді мекен бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер

К/с	Елді мекен	Жылқы	Ірі қара мал	Уақ мал
1	Боралдай	878	2381	18377
2	Ж.Боралдай	558	1097	8928
3	О.Тайманов	528	803	4009
4	Ақжар	256	433	3229
5	Қаратас	418	655	5918
6	Теректі	554	626	6158
7	Жыланды	289	534	3285
8	Түйетас	318	822	5974
9	Амансай	559	784	4414

10	Сарыбұлақ	480	741	6658
11	Талап	835	835	4964
		5097	9711	71914

Ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәлімет

К/с	Ауыл округі	Мал дәрігерлік пунктері	Мал тоғыту орындары	Қашырым пунктері	Биотермиялық шұңқырлар
1	Боралдай	1		1	1
2	Ж.Боралдай	-	1	1	
3	О.Тайманов	-	1	1	
4	Ақжар	-			
5	Қаратас	-			
6	Теректі	-			
7	Жыланды	-	1	1	
8	Түйетас	-	1	1	
9	Амансай	-	1	1	
10	Сарыбұлақ	-		1	
11	Талап	-			
	Барлығы:	1	5	7	1

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі. Сонымен қатар жайылымның кезеңінің ұзақтығы;


К/с	Ауыл округі	Таулы аймаққа малдардың айдап шығарылу мерзімі	Таулы аймаққа шығарылған малдардың қайтарылу мерзімі	Ескерту
1	Боралдай	Сәуір-Мамыр	Тамыз-Қыркүйек	

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылдың 14 сәуірдегі №3-3/332 "Жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің, шекті рұхсат етілетін нормасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының мал басына шаққандағы жайылымның қажеттілігі туралы кестесі


К/с	Ауыл округі	А у ы л округінің жалпы мал жайылымы (га)	Жалпы мал саны			Қажетті жайылым жер (га)
			Жылқы	Ірі қара	Уақ мал	
1	Боралдай	0	878	2381	18377	29668
2	Ж.Боралдай	5812,46	558	1097	8928	18536,5
3	О.Тайманов	6220,97	528	803	4009	23097
4	Ақжар	5803,82	256	433	3229	16896,5
5	Қаратас	4164,05	418	655	5918	16703
6	Теректі	4295,96	554	626	6158	17924,5
7	Жыланды	5030,63	289	534	3285	25166
8	Түйетас	5059,82	318	822	5974	25574

9	Амансай	4359,19	559	784	4414	15933
10	Сарыбұлақ	1291,1	480	741	6658	17486,5
11	Талап		835	835	4964	15723
	Барлығы:	42 038	5097	9711	71914	222709

Бәйдібек ауданының Боралдай ауылдық округі бойынша құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Бәйдібек ауданының Боралдай ауылдық округі бойынша жайылым айналымдарының қолайлы схемалары және жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы



Шартты белгілер:

I-елді мекен жерлері

II-сәуір-тамыз айларында мал жайылатын жайылымдар

III-тамыз-қыркүйек айларында мал жайылатын жайылымдар

жайылымдық инфрақұрылым объектілері
(өзендер)

Бәйдібек ауданының Боралдай ауылдық округі бойынша жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:

су көздері (өзендер)

су көздеріне қол жеткізу схемасы

Бәйдібек ауданының Боралдай ауылдық округі бойынша жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы және ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы



Шартты белгілер:

елді мекен маңында


орналасқан жайылымдар

жайылымы жоқ тұлғаларға

малын жаю үшін берілетін

шалғайдағы жайылым

Бәйдібек ауданының Боралдай ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі



Шартты белгілер:

I – елді мекен жерлері

II – сәуір-тамыз айларында мал жайылатын жайылымдар

III – тамыз-қыркүйек айларында мал жайылатын жайылымдар
ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың

маусымдық маршрут белгісі

5. Борлысай ауыл округі.

Борлысай ауыл округінің жалпы жер көлемі 35888,5 гектарды құрайды. Осы жер учаскелерінің ішінде барлығы 24194,63 гектар ауыл шаруашылығы мақсатына арналған (оның ішінде егістік 4317 гектар, жайылым 19877,63 гектар, елді мекен жері 547 гектар. Ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жер учаскелері 12 мемлекеттік емес заңды тұлғаға, 121 шаруа қожалыққа, 1 өндірістік кооперативке тиесілі.

Борлысай ауыл округі Ақтас, Қошқарата, Кеңсай, Шұқыршақ елді мекендерінен құралған және бүгінгі таңда ауыл округінде жалпы 2727 мың халық қоныстанған. Ауыл округінің орталығы Ақтас елді мекені.

Тау аймағына кіретін Борлысай ауыл округінің жылдық ылғал мөлшері 350-400 мм, 10 градустен жоғары кезеңде ылғылдың түсуі 80 мм-ден аспайды.

Бұл аймақтың рельефі тау беткейлері мен бөлшектенген өзен жазықтары және белестер мен су айрықтарымен өзгешеленеді. Жер жағдайына байланысты асыл тұқымды қазақтың ақбас, ангус, қарала (сауынды сиыр) сиырларын өсіруге қолайлы.

Таудың сұр-қоңыр топырағанда Қаратау жусаны, нарғия т.б. шөптесіндер мен бұта аралас долана, тобылғы, жабайы алма, өрік: өзен бойларында тал, терек, жиде, қамыс өседі.

Ауыл округінде бүгінгі таңда 4433 бас ірі қара мал, 21313 бас уақ мал, 1893 бас жылқы және аталған малдарға барлығы 1 мал тоғыту орны, 1 қолдан ұрықтандыру пункті салынған. Сонымен қатар ауыл округінде барлығы 6 пайдаланудағы мал қора бар. Осы көрсетілген малдардың ішінде барлығы 2338 бас (84 ірі қара, 32 жылқы, 2222 уақ мал) мал бір орында, қоралық жағдайда ұсталынып, бордақыланатын малдар есебінде. Яғни барлығы 2338 бас мал жайылымды қажет етпейді.

Елді мекен бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер

К/с	Елді мекен	Жылқы	Ірі қара мал	Уақ мал
1	Ақтас	633	1590	6794
2	Кеңсай	672	1410	7958
3	Қошқарата	553	1348	6141
4	Шұқыршақ	35	85	420
	Барлығы:	1893	4433	21313

Ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәлімет

К/с	Ауыл округі	Мал дәрігерлік пунктері	Мал тоғыту орындары	Қашырым пунктері	Биотермиялық шұңқырлар
1	Ақтас	1		1	1
2	Қошқарата	-	1	-	1
3	Кеңсай	-	-	-	1
4	Шұқыршақ	-			1
	Барлығы:	1	1	1	4


Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі. Сонымен қатар жайылымның кезеңінің ұзақтығы;

К/с	Ауыл округі	Таулы аймаққа малдардың айдап шығарылу мерзімі	Таулы аймаққа шығарылған малдардың қайтарылу мерзімі	Ескерту
1	Борлысай	Сәуір-Мамыр	Қыркүйек - Қазан	


Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылдың 14 сәуірдегі №3-3/332 "Жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің, шекті рұхсат етілетін нормасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының мал басына шаққандағы жайылымның қажеттілігі туралы кестесі

К/с	Ауыл округі	А у ы л округінің жалпы мал жайылымы (га)	Жалпы мал саны			Қажетті жайылым жер (га)
			Жылқы	Ірі қара	Уақ мал	
1	Ақтас	6833,72	633	1590	6794	14821,8
2	Кеңсай	2099,08	672	1410	7958	15795,6
3	Қошқарата	10731,83	553	1348	6141	13072,2
4	Шұқыршақ	213	35	85	420	864
	Барлығы:	19877,63	1893	4433	21313	44553,6

Бәйдібек ауданының Борлысай ауылдық округі бойынша құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Бәйдібек ауданының Борлысай ауылдық округі бойынша жайылым айналымдарының қолайлы схемалары және жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы



Шартты белгілер:


I-елді мекен жерлері

II-сәуір-тамыз айларында мал жайылатын жайылымдар

III-тамыз-қыркүйек айларында мал жайылатын жайылымдар
жайылымдық инфрақұрылым объектілері

(өзендер)

Бәйдібек ауданының Борлысай ауылдық округі бойынша жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:

су көздері (өзендер)


су көздеріне қол жеткізу схемасы

